# Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолданумен)

**Мамандық: 5В130100 «Жалпы медицина»**
**Пән: Акушерия**
**Курс: 4**
**Кафедра: Акушерлік және гинекология**
**Құрастырушылар: Кулбаева С.Н., Джунусова Р.К.**

**Шымкент, 2022.**

Акушерлік және гинекология кафедрасының мәжілісінде қарастырылған

Хаттама № 01 « 28 »___08___2022ж.

Кафедра меңгерушісі, PhD, қауымдаст. профессор __________ С.Н. Кулбаева

**1. Клиникалық дағды аталуы:** Қынапты бимануалды зерттеу алгоритмі.
**2. Оқыту мақсаты:** қынапты бимануалды зерттеуді жүргізе білуді үйрету.
**3. Алдын-ала инструктаж бен манекенде дағдыны көрсетуге арналған уақыт – 5 минут.**
**4. Дағдыны өз бетінше игеру үшін қажетті уақыт (минутпен, бір студентке есептегенде) – 10 минут**
**5. Дағдыны игеруге арналған қажетті теориялық білімдер:** знать взятие мазка на степень чистоты.
**6. Тренажерлер, манекендер, модельдер, көрнекі құралдар тізімі:** гинекологиялық фантом.
**7. Медициналық бұйымдар мен жабдықтардың тізбесі:** гинекологиялық фантом.

**8. Дағдыны орындау алгоритмі:**

| № | **Қадамдық әрекеттер** | Орындалды | Орындалмады | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Емделушімен салемдеседі және өзін таныстырады. Емделушіден шешінуін сұрайды. Карауды бастайды. | | | |
| 2 | Оң аяғын креслоның аяқ қойғышына, сол аяғын полға орналастырады;<br>- сол қолдың саусақтарымен үлкен және кіші жыныс ернеулерін ашады; оң қолдың саусақтарын (II және III) қынапқа кіргізеді, I саусақты жоғары қарай ығыстырып, IV және V- алақанға жақындатып, бұтаралыққа тақайды;<br>- жамбас түбінің бұлшықеттерінің, қынап қабырғаларының (қатпарлығын, созылғыштығын), қынап күмбездерінің жағдайын бағалайды;<br>- жатыр мойынын (ұзындығын, түрін, консистенциясын) және жатыр мойынының сыртқы ернеуін (жабық, ашық, домалақ немесе саңылау тәрізді) бағалайды.<br>- сол қолдың саусақтарымен құрсақ қабырғасына жайлап басып кіші жамбас қуысына және қынаптың алдыңғы күмбезінде орналасқан оң қолдың саусақтарына қарай бағыттайды. Екі тексеруші қолдың саусақтарын жақындата келе жатыр денесін, оның орналасуын, пішіні мен көлемін (жүктіліктің мерзіміне сәйкес) және консистенциясын анықтайды;<br>- аналық бездер мен жатыр түтіктерінің жағдайын тексереді: екі қол саусақтарын жайлап жатыр бұрышынан жамбастың бүйір қабырғаларына қарай жылжытады; | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - жамбастың сыйғыштығы мен түрін, жамбас сүйектерінің ішкі бетін, сегізкөз ойығын, жамбастың бүйірлі қабырғалары мен симфиз жағдайларын анықтайды. | | | |
| 3 | Қол қаптарын шешіп арнайы контейнерге тастайды. Қолдарын жуады. | | | |

**9. Тапсырмалар:** взятие мазка на степень чистоты.

**10. Сабақ тақырыбы бойынша бағалауға арналған материалдар**

**Клиникалық оқиға:** Абылайкызы Айгерим, 28жаста, анамнезінде – 2 босану, 0 аборт. Емханаға келді.

**Ауру анамнезі:** профилактикалық қарау.

**Өмір анамнезі: с**оматикалы дені сау. Д бақылауында тұрмайды. Аллергоанамнез: ауырланбаған. Ота, жарақаттанулар болмады. Гемотрансфузия болмаған. Ауырған аурулары: жиі ЖРВИ. Жанұялық анамнез: ауырланбаған. Әлеуметтік анамнез: ауырланбаған.

**Етеккір қызметі:** Етеккірі 14 жастан, 4-5 күннен 28 күннен кейін, ретті, ауырсынусыз. Соңғы етеккірі: 2 мамыр 2018ж., етекккірдің 5-ші күні.

**Жыныстық өмірі:** 22 жастан, некеде. Жүктіліктен сақтану– презерватив.

**Репродуктивті функция:** босану -2, аборттар – 0, асқынусыз, түсіктер – 0.

**Объективті:** бойы 164 см, салмағы 60 кг, терісі ашық қызыл түсті, таза. Перифериялық ісіктер жоқ. Өкпесінде тыныс алу везикулярлы, сырылдар жоқ. Тыныс алу жиілігі минутына 18. Жүрек тондары анық, ырғағы дұрыс. ҚҚ 120/80 мм рт.ст. Жүрек соғу жиілігі.Соғу симптомы екі жақтан теріс.

**Айнамен тексеру:** жатыр мойыны таза, қынап қабырғалары таза. Бөлінділер аз мөлшерде, ақшыл- қызыл түсті. Алынған жағындының қорытындысы қалыпты, бірінші қабылдауда тексерілген.

**Қынаптық тексеруде:** жатыр денесі тығыз, ауырсынусыз, өлшемдері, орналасуы қалыпты, қосалқылар өзгеріссіз.

**Тапсырмалар:** қынаптың және жатыр мойынын айналармен қарау, қынаптың тазалық дәрежесіне жағынды алу.

**11. Дағдылардың орындалуын бағалау критерийлері**

1.Тапсырма толығымен орындалды.

2. Тапсырма толық немесе ішінара орындалмайды.

3. Тапсырма толығымен орындалмады.

**12. Әдебиет: негізгі және қосымша**

1. American College of Obstetricians and Gynecologists (ACOG). Medical management of tubal pregnancy. Washington (DC): American College of Obstetricians and Gynecologists (ACOG); 1998 Dec. 7 p. (ACOG practice bulletin; no. 3).

2. Клинические рекомендации, основанные на доказательной медицине: Пер. с англ. /Под ред. Ю.Л. Шевченко, И.Н. Денисова, В.И. Кулакова, Р.М. Хаитова. —2-е изд., испр. — М.: ГЭОТАР-МЕД, 2002. —1248 с.: ил.

3. American College of Obstetricians and Gynecologists (ACOG). Medical management of tubal pregnancy. Washington (DC): American College of Obstetricians and Gynecologists (ACOG); 1998 Dec. 7 p. (ACOG practice bulletin; no. 3).

4. Клинические рекомендации, основанные на доказательной медицине: Пер. с англ. /Под ред. Ю.Л. Шевченко, И.Н. Денисова, В.И. Кулакова, Р.М. Хаитова. - 2-е изд.,испр. – М.: ГЭОТАР-МЕД, 2002. —1248 с.: ил.

5. Акушерство, гинекология и здоровье женщины, Мед Пресс 2005г., Ф. Карр Гинекология. Справочник практического врача. Мед.пресс 2004 год, Сильвия

6. Учебно-методическое пособие АО «Медицинский университет Астана» под редакцией Дощанова А.М., Ивашевская Р.Ф., Сейдуллаева Л.А., Разумова Р.Р., Кабикенова Д.К., Билялова Г.Т., Халмуратова К.Ж. «Компетенции в акушерстве и гинекологии», Астана 2013г.

**13. Материалды бағалауға арналған дұрыс жауаптар стандарттары –** қынапты бимануалды зерттеуді жүргізу.